

Түркістан облысы
Сайрам ауданының білім бөлімі
«Қазына kz» бөбекжай-бақшасы»



«Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы

*Жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-
әрекетінің перспективалық жоспары*

Тәрбиешілер: Манибаева.А
Тажиекова.Р.

2023-2024 оқу жылы

**«Қазына kz» бөбекжай-бақшасы»
«Қарлығаш» Мектепалды даярлық тобы
«Алақай, жайдарлы жаз келді» мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған
жазғы-сауықтырукезеңінің перспективалық жоспары**

Өткізілетін шаралардың атаулары	Жұмыс мазмұны	Өткізу мерзімі
Маусым айы 1апта «Бақытты балалық шақ»		
«Әрқашан күн сөнбесін!»	Балаларды қорғау күніне арналған «Балақайлар шеруі» концертке қатысу Асфальтқа сурет салу байқауын ұйымдастыру.	03.06
«Гүлденген әлем»	«Менің жазғы демалысым» қалай өту керек тақырыбында балалармен әңгімелесу. Қандай іс әрекеттермен айналысқан ұнайды. Іс шаралар картасын жасау. Шығармашылық дербес әрекет	04.06
«Менің әлемім»	«Менің жақындарым», «Менің үйдегі сырласым», «Менің бауырларым», «Менің отбасым» тақырыптарында балалармен серуенде әңгімелесу; Балалардың отбасында ата-анасымен, бауырларымен немесе жақындарымен бірге уақыт өткізгенде ойнайтын ойындары, спорттық жаттығулары, сайыстарының ішінен көпшілігіне таныс ойын түрін бірге ойнап көру және алған әсерлерімен бөлісу; Тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беру, ән тыңдату және қалауы бойынша балаға айтқызу.	05.06
«Ертегілер елінде»	Балалардың көрген мультфильмдерінен алған әсерлерімен бөлісу, олардың қиялын,логикалық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту мақсатында жетекші сұрақтар қою. Балалардың қалауы бойынша мультфильм кейіпкерлерінің образын таңдап, қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу, патомимика арқылы кейіпкерді табу ойынын ойнау.	06.06
«Мен елімнің Ұланымын!»	Отан туралы өлеңдерді жатқа айту челленджі. Балалар шығармашылығынан суреттер көрмесін ұйымдастыру.Таза ауада ұлттық ойындар сайысын өткізу.	07.06
Маусым айы 2апта «Жас із кезушілер»		

Жас із кезушілер	Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу. Қимылды ойындар «Өз түсінді табу», «Жасырынбақ», «Жалаушаны табу». «Із кесушілер деген кімдер?» жетекші сұрақтар қою арқылы балалармен әңгімелесу. Ертегіні немесе көркем шығарманы оқып беру (үзінді). «Із кесуші» мультфильмін көрсету. Құм және сумен тәжірибе.	10.06
Аңдар мен аңшылар	«Табиғатты қорғау» белгілерін дайындау. Сурет салу: «Жайлаудағы төрт түлік», «Орман аңдары», «Менің сүйікті жануарым» және басқа тақырыптар (балалардың қалауын ескеру ұсынылады). Құм және сумен тәжірибе. Құрастыру «Аңдардың үйшігі». Қоршаған ортаны қорғау бойынша жаднама құрастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Аңды ізіне қарап таны», «Бақшадағы қояндар», «Қағып алдаата» (доппен) Суда қағаздан жасалған кемелер сайысын ұйымдастыру.	11.06
Мейірімді достарым	Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру. Мысықтың өзіне күтім жасауын бақылау (жуыну). «Ерте, ерте, ертеде» тақырыпқа сәйкес аудио ертегілер тыңдату, тыңдалған ертегінің мазмұнын айтқызу. Сергіту сәтінде аңдар мен үй жануарларының қимыл-қозғалысын қайталауға құрылған жаттығулар жасау	12.06
Саялы бақ	«Біздің өлкенің ағаштары», «Балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?», «Ағаштарды өрттен қорға!» тақырыптарында балалармен әңгімелесу. Сурет, альбом, иллюстрацияларды қарау. Орманға, саябаққа немесе балабақшаның табиғат бұрышына саяхат. Шығармашылық жұмысқа пайдаланылатын табиғи материалдарды жинау. Ағаштарды бақылау, оларға күтім жасау. Ағаштар туралы әңгімелер, өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешу. Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы?», «Тыңда да таны», «Қай ағаштың жемісі?» Ағаштардың суретін салу.	13.06
Сыр сандық	Таныс ертегі қойылымдарын сахналау. «Ең үздік қойылым», ойдан шығарылған ертегі қойылымдары байқауын ұйымдастыру.	14.06

	Күннің ысуын бақылату. Арнайы ыдыстарға суларды толтырып күн сәулесі түсетін жерге қою, түстен кейін серуенге шыққанда судың ысығанын бақылату. Су әлемі туралы жұмбақтар шешуін ұйымдастыру, мультфильмдерден видеосюжеттер көрсету	
	Маусым айы 3 апта «Жаз да келді, көңілді»	
Сабын көпіршіктері күні	Балалабақшада және үйде жеке бас тазалығын сақтау туралы әңгімелесу. Медициналық кабинетке саяхат. «Тамшылар». Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу. «Жедел жәрдем» театрландырылған ойыны. «Дәрігер» сюжетті – рөлдік ойыны.	17.06
Теңіздегі тіршілік	Су әлемі туралы жұмбақтар шешу, мультфильмдерден видеосюжеттер көрсету Су ханшайымымен саяхат. «Су патшалығы» суреттер байқауы (ата-аналармен бірге). «Өзен, көлдер» альбомын безендіру. Сумен ойындар. Шығармашылық студиясында саз балшықтан түрлі түсті және түрлі көлемде бассейндер жасауды көрсету, өз бетінше мүсін жасауға жағдай жасау	18.06
Жазғы сауықтыру	«Дені саудың – жаны сау» атты спорттық ойындар жарысын ұйымдастыру. «Болады-болмайды», «Мен бастаймын сен аяқта» дидактикалық ойындарын ойнату. «Менің ағзамның қорғаушысы», «Пайдалы және зиянды» әңгімелесу. Көркем шығарма оқып беру. «Зиянды тағамдар» плакатын әзірлеу (ұжымдық жұмыс).	19.06
Табиғат аясында	Жыл мезгілдері Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау. Жапсыру «Күлімдейді күн маған». Өсімдіктерге қамқорлықты табиғаттағы еңбек арқылы таныту. Өз топтарының ауласындағы гүлдерге су құюды ұйымдастыру.	20.06
«Күн, ауа, су» ойын сауығы	«Сылдырайды мөлдір су» денсаулыққа ауа мен судың пайдасы, судағы қауіпті жағдайлар туралы тақырыптық әңгімелесу. «Жуыну әні» Дидактикалық ойындар ұйымдастыру арқылы табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау.	21.06
	Маусым айы 4 апта «Қауіпсіз жаз»	

Бағдаршам күні	Көше қозғалысы ережелерін қайталау. «Дымбілместің қала көшелеріндегі оқиғалары» сюжеттерді көрсетіп, бірге талдау. Жапсыру «Бағдаршам». Балалардың ережелерді есте сақтауы үшін балабақша ауласында «көше қозғалысы» ойынын ұйымдастыру (ойыншық машиналар, қуыршақтар, құрастырғыш, жол белгілерін пайдалану). Музыка маманының жоспары бойынша музыкалық іс шара. «Табиғатпен тілдесу», балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу. «Табиғаттағы қауіпсіздік» суреттерді қарап, әңгімелесу, мультфильмдер көрсету	24.06
Пайдалы және зиянды өсімдіктер	«Улы өсімдіктер мен саңырауқұлақтар», «Дәрілік өсімдіктер», «Табиғаттағы қауіпсіздік» суреттерді қарап, әңгімелесу, мультфильмдер көрсету. Жапсыру «Жеміс-жидектер патшалығы». «Саңырауқұлақтар әлемі», мүсіндеу. Қимылды ойын «Орамал тастамақ». Бассейнде жүзу, суға шомылу, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау. Сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу.	25.06
Өрт қауіпсіздігі	«Өжет өрт сөндірушілер», «Құтқарушылар», сюжетті-рөлдік ойындары. Өрт кезіндегі тәртіп ережелері, «01 қызметі», өрт сөндірушілер қызметі туралы балалармен әңгімелесу. Ойындар: «Өртке қауіпті заттар», «Өрт сөндірушіге не қажет?» «Өртке қауіпті заттар» коллажы.	26.06
«Қауіпті заттар мен құралдар»	«Болады-болмайды», дидактикалық ойын. «Мен бастаймын сен аяқта» дидактикалық ойын. Балалармен тақырыпқа байланысты кері байланыс жасау. Құстар әлемі. Құстарға жем беру - торғай, кептер, сауысқан, олар жайлы білетін әңгімелерін айтқызу, Тақпақтар жаттату. Табиғи заттармен әр түрлі құрылымдар құрастыру.	27.06
Шебер қолдар	«Көңілді доп» үйірмесі. Доппен өтетін ойын түрлерімен таныстыру. Көше қозғалысы ережелерін қайталау. «Дымбілместің қала көшелеріндегі оқиғалары» сюжеттерді көрсетіп, бірге талдау. Жапсыру «Бағдаршам».	28.06
	Шілде айы 1 апта «Гүлденген табиғат»	
Табиғатты қорғайық	«Табиғатпен тілдесу», балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу. Суреттер байқауын ұйымдастыру.	01.07

	Ата-аналармен бірге «Гүлдестелі ханшайым» байқауын ұйымдастыру, номинациялар тағайындау, балалар шығармашылығын қолдау. Қимыл-қозғалыс ойыны «бақшадағы қояндар». Музыкада үйренген әндерін естеріне түсіріп, концерт ұйымдастыру. Теартландырылған қойылым атрибуттарымен ойындар. Балалармен бірге қойылымдар қою (саусақ театры, көлеңкелі театр, қуыршақ театры)	
Су әлемінде	Бассейнде жүзу, суға шомылу, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау. Сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу. Доппен балалардың жақсы көретін ойын түрлерін ойнату «Сылдырайды мөлдір су» денсаулыққа ауа мен судың пайдасы, судағы қауіпті жағдайлар туралы тақырыптық әңгімелесу. «Судың қасиеті», «Мөлдір-лай», «Ауа мен су» тәжірибесі, балалардың зерттеушілік қызығушылықтарына қолдау көрсету. Су бетінде сурет салу.	02.07
Ғажайыптар әлемі	Балалармен табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу (жаздағы маусымдық өзгерістер, балалардың киінуі, күн сәулесінің адамға, табиғатқа әсері, аспандағы бұлттар және басқа). Серуен кезінде балаларды табиғат көріністерін бақылауға үйрету және кері байланыс жасау. Табиғат туралы өлең оқып беру, жұмбақтар шешу. «Артық суретті тап» дидактикалық ойын. Сиқыршылар елінде. Балалардың өздерінің фокус ойлап табуы	03.07
Менің достарым	Сүйіспеншілік, сыйластық, мейірімділік туралы суреттер арқылы әңгімелесу. Адамдар бір-бірін жақсы көретінін ұғындыру, дос болуға баулу. Әженің ертегі кітабынан ертегі оқып беру. «Раушан, райхан» «түймедақ» гүдерін бақылату, гүлдерді салыстыру, түсін, ісін әңгімелету. Гүлдердің суретін салғызу, құмда және мольбертте.	04.07
«Сүйікті қалам— Астана»	«Жайнай бер, Қазақстаным» атты мерекелік концерт ұйымдастыру «Елімнің жүрегі – Астана» тақырыбында әңгімелесу. Сурет салу	05.07
	Шілде айы 2 апта «Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы»	
«Мерейлі отбасы»	Отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық, мейірімділік туралы әңгімелесу. Адамдар бір-бірін жақсы көретінін ұғындыру, дос болуға баулу. Көркем шығарма оқып беру. Сюжетті-рөлдік ойын «Тату-тәтті отбасы».	09.07

	Ұлттық қимылды ойындар ойнату.	
«Анам, әкем және мен –тату-тәтті отбасы»	«Әлди-әлди ақбөпем» челенджі, әжесінің бесік жыры. Отбасының қызықты демалыс сәттерінен суреттер көрмесін ұйымдастыру. Тақырыпқа сәйкес ән айту мен мәнерлеп оқу сайысы. Таза ауада ата-аналар мен балаларының қатысуымен «отбасылық эстафета» спорттық сайысын өткізу.	10.07
Ұлттық ойындар	Көркем шығарма оқып беру. Ұлттық ойындар фестивалі, қимыл-қозғалыс ойындары «Ханталапай», «Аударыспақ», «Сақина салу», «Алтыбақан», «Ақ серек-көк серек», «Арқан тарту», «Тақия тастамақ», «Күш сынаспақ».	11.07
Алтын сақа	Алтын сақа ертегісін оқып беру. «Жеті атасын білу тектіліктің белгісі» жеті атаны жатқа айтудан сайыс ұйымдастыру; «Ханталапай» ұлттық асық ойынын ойнату; Асықтан жасалған «денсаулық жолымен» жүргізу; асықтар тізілген қолғаппен бір-біріне массаж жасату.	12.07
	Шілде айы 3 апта «Жазғы ойындар»	
«Ұлы дала баласы»	Балалардың қалауы бойынша ертегіні айтып беру, сахналату. «Жас спортшылар», балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін тренажерлардың көмегімен таза ауада жаттығуын ұйымдастыру «Бәйге», «Арқан тарту», «Көкпар» ұлттық ойындарымен «Ұлы дала баласы» спорттық сайысын ұйымдастыру.	15.07
Жүгіреміз, зырлаймыз	Жүгіреміз, зырлаймыз жарысы. Үлкен ыдыстарға (керсен) су құйып, қағаздан жасалған кемелерді жүздіру. Көркем шығарма оқып беру (немесе үзінді оқу). Таза ауада ұлттық ойындарды ойнау: «Ақ серек, көк серек», « Орамал тастамақ» жәнет.б.	16.07
Спорттық ойындар күні	Балалардың сүйікті қимылды ойындарын ойнату. Жаңа ойындарды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындарына атрибуттар әзірлеу. Балалар ұнататын мультфильмдерін көрсету, мазмұнын әңгімелету. Көркем шығарма оқып беру. «Бәйге», «Арқан тарту», «Көкпар» ұлттық ойындарымен таныстыру	17.07
Менің көңілді добым	Балалармен әңгімелесу «Допты спорт түрлері». Доппен ойнау. Допты нысанаға лақтыру. Сурет салу, мүсіндеу «Менің көңілді добым».	18.07
«Олимпиада	Отбасылық жарыстар, эстафеталық жарыстар ұйымдастыру.	19.07

алауы»	«Спорттың жазғы түрлері», «Менің сүйікті спортым», «Отбасындағы спорт» тақырыптарында балалармен әңгімелесу. Спорт туралы жұмбақтар, сұрақтар қою. Санамақтар мен өлеңдер жаттау. Спорттық жаттығулар жасату, ойындар ойнату (бадминтон, футбол, волейбол).Құрсаумен және секіртпемен ойнайтын ойындар. Ұлттық ойындардан байқау өткізу: «Бес темше», «Көкпар», «Асық ойындары».	
	Шілде айы 4 апта «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма»	
Алтын балық	Алтын балықпен балықтар патшалығына саяхат жасау. «Балықтар әлемі», дәстүрлі емес сурет техникасымен салынған суреттер байқауы. Көркем шығарма оқып беру. Аквариумдағы балықтарды бақылау, жем беру. «Балық аулау» қимыл-қозғалыс ойынын ойнату. Құммен сумен еркін ойындар	22.07
Ойланайық, балақай!	Нептун күніне арналған спорттық ойындар ұйымдастыру. «Арқан тарту», «Көкпар» ұлттық ойындарымен жаттығулар жасату. «Жайдары жаз», ермексазбен жұмыс. Жаз мезгілі туралы әңгімелесу арқылы балалардың түсінік-танымын кеңейту, алған білімдерін бекіту (кері байланыс). Табиғатты бақылау.	23.07
Гүлдер күні	Гүлдер туралы әңгімелесу, жұмбақтар шешу. «Құлпырған әлем» шығармашылық шеберханасының жұмысын ұйымдастыру, балалардың қалауы бойынша жеке немесе топтасып, әртүрлі материалдардың көмегімен бұйымдар жасауларына ерік беру. Педагог бақылап, қажет болса көмек көрсетеді (аппликация, оригами, квиллинг, жапсыру және басқа әдістермен). Жұмыстар дайын болғанда көрме ұйымдастыру, бір-біріне және ата-аналарына сыйға тартуға ұсыныс беру. «Бағбан» сюжеттік-рөлдік ойыны, гүлзарларды, гүлбағын қопсыту, суару, тазалау.	24.07
Жәндіктер әлемі	Балалармен әңгімелесу, улы жәндіктердің суреттерімен таныстыру, олардан қорғану туралы айту. «Түсіне қарай топтастыр» дидактикалық ойыны негізінде балаларға әр түсті бет орамалдарды, доптарды, шариктерді беріп, салыстырып түсіне қарай жинауды пысықтау	25.07
«Туған өлкем»	Баланың бойында туған жеріне, еліне деген мақтаныш, сүйіспеншілік сезімін ұялату. Ән тыңдатып, тақпақ айтқызу. Балаларға туған өлке туралы естеліктерден үзінді айтып беру, бірге фотоальбомдар қарау, аталар	26.07

	мен әжелердің әңгімелерін тыңдау.Балалардың сүйікті қимыл-қозалыс ойындарын ойнату. Бау мен бақша қандай болады тақырыбында суреттер көрсетіп,әңгімелету. Топ ауласын қоқыстан, тастардан тазалауға баулу, аула гүлдеріне, ағаштарына су құюды ұйымдастыру.	
	Шілде айы 5-апта «Менің достарым»	
Әдептілік – әдемілік	«Жақындарыңды немен және қалай қуантуға болады?», «Кішкентай көмекшілер», «Менің жақсы істерім», әңгімелесу. «Әдепті бала», балалармен бірге қысқа диалогтарға құрылған көріністерді ойнату арқылы, оның бойында әдептілік қалыптастыру. Көркем шығарма оқып беру. Дидактикалық ойын «Досыма достық лебізім». Сюжетті-рөлдік ойын «Супермаркет», «Сән салоны». Жалпы топтық биді (Флешмоб) ұйымдастыру	29.07
Достық күні	Балада дос, достық туралы түсінік қалыптастыру. Достық қарым-қатынасты сипаттайтын қысқа диалогтік көріністерді бірге ойнай отырып, баланың санасында «достық» ұғымын нығайту. Достық туралы ән тыңдау, бірге айту.Жапсыру, «Досыма сыйлық».	30.07
Мейірімділік күні	Мейірімділік туралы әңгімелесу. Мейірімді бала қандай бала? Дидактикалық ойын. «Ертегі кейіпкерлерінің жақсы істері» ертегі еліне саяхат, пікірталас. Сюжетті рөлдік ойындар ұйымдастыру	31.07
Түрлі-түсті кемпірқосақ күні	«Қала үстіндегі шарлар» ойын-сауығы: үрленген шарлармен эстафеталар өткізу,шарларға сурет салу, «ең көңілді шар» конкурсын жариялау, түрлі-түсті шардан кемпірқосақ құрастыру.	01.08
Достық аллеясы	Түрлі көлемді доптар қандай ойынға қолданады таныстыру – футбол, баскетбол, теннис, оларды түрлі нысанға тастау ойындарын ойнату Табиғи материалдардан құрастыру, мүсіндеу. Ұлттық ойындарды ойнату: «Түйілген орамал», «Арқан тартыс», «Білектесу», «Алтынсақа». Торғай, кептер, сауысқан құстарына жем беру, олар жайлы білетін әңгімелерін айтқызу	02.08
	Тамыз айы 1 апта «Ас атасы – нан»	
Алтын дән	- Дәндер патшалығына саяхат: суреттер мен альбомдар қарау. көркем шығарма оқып беру, тыңдалған мәтіннің мазмұнын айтқызу; - ыдыстағы дәндерді түрлеріне қарап ажыратып әр ыдысқа бөлу; бөлінген дәндерді санау; табиғи материалдармен, ермексазбен жұмыс «Дәндер патшалығы»	05.08

Нан - дастархан байлығы	- «Нан - дастархан байлығы» әңгімелесу; шығарма оқып беру, тыңдалған шығарманың мазмұнын айтқызу; - нан қиқымымен ауладағы құстарды қоректендіру және оларды сыртынан бақылау; нанның суретін салу, ермексаздан мүсіндеу.	06.08
Нан болса ән де болады	Балалар ұнататын мультфильмін көрсету, мазмұнын әңгімелету. - Нанды қолдан пісіруден анасы мен баласының, әжесі мен немересінің бірлескен әрекетінен алдын-ала дайындалған челлендж материалдарын қарау; - Наубайхана жұмысымен таныстыру; - «аспазшы» сюжетті рөлдік ойынын ойнату; тақырыпқа сәйкес ата-аналармен бірге ән байқауын ұйымдастыру. «Құлпырған әлем» шығармашылық шеберханасының жұмысын ұйымдастыру, балалардың қалауы бойынша жеке немесе топтасып, әртүрлі материалдардың көмегімен бұйымдар жасауларына ерік беру.	07.08
Егіс алқабында	Күн әсері мен шуағына бақылау жасату, әңгімелету. Құмнан төбешіктер жасату - «Алқапта не өседі?» әңгімелесу, шығарма оқып беру; - Ауладағы өсімдіктер мен шөптерге күтім жасауда қарапайым тапсырмаларды орындату; «Ғажайып дәндер» ұжымдық жұмыс: дайын суретті дәндермен безендіру	08.08
Жемістер мен көкөністер	- «Жемістер мен көкөністер» фестивалі; - Жұмбақтар мен тақпақтар сайысы; - Жапсыру «Менің дәмді достарым»; «Кім күшті?» жемістер мен көкөністерді сумен жуып, жеуден сайыс ұйымдастыру.	09.08
	Тамыз айы 2 апта «Мен және қоршаған орта»	
Менің нәзік достарым	Гүлдер, оларға қамқорлық жасау туралы әңгімелесу, шығарма оқып беру; - түрлі-түсті қағаздан гүлдер жасау (қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін квиллинг әдісін қолдану); - ұжымдық шығармашылық жұмыс: дайын және жасалған гүлдерді жолаққа орналастырып жапсыру, ауладағы өз тобының ойын алаңын безендіру;	12.08
Менің адал достарым	- Ит, мысық, балықтар немесе үй жануарлары туралы шығарма оқып беру, оқылған шығарманы талдау - шығармашылық шеберханасы: сурет салудың дәстүрден тыс түрі жүннен, мақтадан, түймелерден және т.б. өзінің достарының бейнесін қағазға жапсырып жасау; сүйікті достарына арнап тілектерін айтқызу. Әр түрлі әдістермен жүгіруден жарыс ұйымдастыру Таза ауада ұлттық ойындарды ойнату: «Аударыспақ», «Соқыр теке», «Айгөлек», «Күш	13.08

	сынаспақ».	
«Саясында бау-бақтың...»	- Қоршаған орта туралы сұрақ-жауап ұйымдастыру; - отбасылық биден әзірленген челлендж материалдарын қарау; балаларды өздері таңдаған әуендеріне билету.	14.08
Ханталапай	- Ұлттық ойындар туралы шығарма, өлең оқып беру; - оқылған шығарманың мазмұнын әңгімелеу; - асықтарды дайын бояулармен бояу, безендіру; ұлттық қимылды ойындардан сайыс ұйымдастыру	15.08
Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл!	- Мамандық түрлері олардың атқаратын қызметі туралы әңгімелесу; - түрлі мамандық туралы өлең оқып беру және оның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; - мамандықтар туралы еркін тақырыпта сурет салу, мүсіндеу; сюжетті-рөлдік ойындар ойнату: «Дәрігер», «Мейрамхана», «Ұшақта» және т.б.	16.08
Тамыз айы 3 апта «Өнер көзі халықта»		
Қуыршақ театры	Көңілді билер. Әр түрлі ұлттардың ұлттық биін билету. - Қуыршақ, көлеңкелі театр қойылымын тамашалау, көрген қойылымның желісі менондағы кейіпкерлер туралы әңгімелесу; - «Менің сүйікті достарым» ертегі кейіпкерлерінің костюмдерінің элементтерін қағаздан жасап, дайын кейіпкер бейнесіне жапсыру; тақырыпқа сәйкес сюжетті-рөлдік ойын ойнату;	19.08
Сөз асылы шешендік	- «Әжелер мектебі» жұмысын жандандыру, алдын-ала әзірленген «Ерте, ерте, ертеде ... » әжемнің ертегісін тыңдайық челленджі бейнематериалдарын тамашалау; - «Ертегілер әлеміне саяхат» сүйікті ертегілерді айтқызу; «Мен бастаймын, сен жалғастыр», дидактикалық ойын	20.08
Алуан-алуан кейіпкер бар	- «Менің сүйікті кейіпкерім», ермексаздан мүсіндеу, суретін салу; - өзі қолдан жасаған кейіпкерінің образына еніп оның даусымен дыбыстау, сөйлеуді дамыту; ертегі тыңдату, ондағы кейіпкерлер туралы өз ойларын айтқызу.	21.08
«Өнерлі өрге жүзер»	- Ата-аналармен бірлескен әрекетте алдын-ала үйде әзірленген ұлттық оюлардың көрмесін қарастыру және жасалған бұйымдар туралы әңгімелесу; тақырыпқа сәйкес жұмбақтар шешкізу; бұрыннан білетін әндерді айтқызу, билерді билету.	22.08
«Ел іші – өнер кеніші»	- Педагогтар мен балалардың бірлескен театрландырылған қойылымдар байқауын ұйымдастыру:	23.08

	- театрландырылған қойылымдар қою үшін атрибуттарды орналастыру; - қойылым желісін ойластыру; -рөлдерді ортақ келісіммен бірге таңдау; қойылымды қою.	
	Тамыз айы 4 апта «Ғажайыптар әлемінде»	
«Балабақшам өз үйім»	- «Менің балабақшам», жазғы сауықтыру кезеңінде алған әсерлері туралы балалармен серуенде әңгімелесу; - тақырыпқа сәйкес асфальтқа ұжымдық сурет салуға жұмылдыру, салған суреттері бойынша өз ойларын айтқызу; тәрбиеші, медбике, тәрбиеші көмекшісі, музыка жетекшісі, дене шынықтыру жетекшісі, аспазшы және т.б. рөлдерінде бөлініп, рөлдерді өздігінен таңдап, ойнауға мүмкіндік беру	26.08
«Бір, екі, үш - бойға жинап күш»	- Дене шынықтырудың пайдасы туралы әңгімелесу; - балалардың өздеріне ұнайтын жаттығуларды жасата отырып, спорттық ойындарды бірлесіп таңдатып, ойнату; - серуен кезінде аулада қарапайым еңбекке баулу, бірге еңбектену; «Бәйге» ұлттық ойынын ойнату.	27.08
Менің Қазақстаным	- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі, туған өлкенің көрікті жерлері мен табиғаты туралы әңгімелесу; «Елім менің» тақырыбында «Мен бастаймын сен жалғастыр» ойыны арқылы алдын-ала әзірленген ата-аналар мен балалардың оқыған өлеңдерінің видеоматериалдарын көрсету, сол материалдардың ішінен ұнағандарын бірлесіп таңдату.	28.08
Конституция күні	Байрақтың дайын бейнесін жұмсақ қағаз қиындыларымен безендіру; «Айбары асқақ – Ата заң» Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне арналған мерекелік концерт ұйымдастыру. Қош бол балабақшам іс шарасы	29.08